GAZET 2008 JYLDYŃ QYRKÚIEGINEN SHYǴADY
ГАЗЕТА ВЫХОДИТ С СЕНТЯБРЯ 2008 ГОДА

# Nurly ÓLKE

QOǴAMDYQ - SAYASI GAZET
ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

№15 (892) 10.04.2026 E-mail: nurliolke@mail.ru nurlyolke.kz Nurly olke @nurlyolke

# «БОЛАШАҚ ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫ» СПОРТТЫҚ ЖАРЫСЫ БАСТАЛДЫ

***Қонаев қаласында мектеп оқушыларына арналған «Болашақ чемпиондар лигасы» спорттық жарысының салтанатты ашылуы өтті. Ауқымды жоба жасөспірімдерді бұқаралық спортқа тарту, салауатты өмір салтын қалыптастыру және болашақ чемпиондарды тәрбиелеуге бағытталған. Алдағы екі айда қала мектептерінен жасақталған командалар футбол, баскетбол және волейболдан өзара бақ сынайды.***



Салтанатты рәсім Мемлекеттік Гимнмен ашылып, қала тұрғындары мен қатысушылардың патриоттық рухын айқындады. Одан кейінгі гимнастикалық қойылым шараның шырайын кіргізіп, спорттың тек күш пен жылдамдық емес, әсемдік пен үйлесім екенін көрсетті.

Көрермендердің ерекше ықыласына ие болған сәттердің бірі – 54310 әскери бөлімінің қызметкері, қала тұрғыны Айдар Тезековтің күштік көрсетілімі болды. Ол қалың тақтайға шегені жалаң қолымен қағып, 12-14 миллиметрлік темірді иіп, күрделі жаттығулар орындап, көпшілікті тәнті етті. 1996 жылы Жетісу облысы Кербұлақ ауданының Сарыбастау ауылында дүниеге келген спортшының айтуынша, ол спортпен жиырма жылға жуық айналысып келеді. Алғашқы бапкері – әкесі Артықбай.





Ресми бөлімде сөз алған Қонаев қаласының әкімі Асхат Ермекұлы Бердіханов жарыстың маңызына тоқталды:

«Бұл жарыс – тек бәсеке емес, достықты нығайтып, жеңіске деген жігерді арттыратын маңызды алаң. Қонаев қаласында спорт саласы қарқынды дамып келеді. Соның айқын дәлелі – "Konaev Nauryz Cup 2026", "Konaev City Cup" халықаралық турнирлері, "Адал азамат, адал жеңіс" марафоны және басқа да ірі спорттық шаралардың тұрақты өткізілуі. Бұл бастамалар жас спортшыларға үлкен мүмкіндік беріп, жаңа белестерге жол ашады».



Шара барысында қала әкімі жас ұрпақты спортқа баулудағы еңбегі үшін Айдар Тезековке Алғыс хат табыстады.

Қатысушы командалардың салтанатты шеруі де көпшіліктің көңілінен шықты. Әр команда өздерінің ұйымшылдығын, дайындық деңгейін және жеңіске деген ұмтылысын көрсетті. Бұл көрініс жарыстың бәсекеге толы әрі тартысты өтетінін аңғартты.

Шараның шарықтау шегі – «Болашақ чемпиондар лигасының» кубогін таныстыру болды. Кубок алаңға ретро көлікпен жеткізіліп, қала әкімі балалармен бірге сахна төріне орнатты. Екі айға созылатын жарыс қорытындысында бұл жүлде үздік командаға табысталады.

Ұлттық дәстүрге сай жарыс алдында Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев ақ батасын берді. Осыдан кейін байрақты бәсеке ресми түрде басталды.

Жастарды спортқа кеңінен тарту мақсатында Қонаев қаласы әкімдігі қатысушы командаларға доп салынған арнайы себеттер сыйға тартты. Жалпы саны 600 доптан тұратын бұл қолдау – жас спортшыларға деген нақты қамқорлықтың көрінісі.

Іс-шара соңында әсерлі ән шырқалып, «Болашақ чемпиондар лигасының» салтанатты ашылу рәсімі өз мәресіне жетті. Енді алдағы екі ай бойы жас спортшылар тартысты додада бақ сынап, өзара мықтыны анықтайды.

**Шолпан КӨПІРБАЙ**

# ШОМЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ КҮШЕЙТІЛДІ

**Алматы облысында шомылу маусымына дайындық жұмыстары күшейтілуде. Өңір басшысы Марат Сұлтанғазиев жауапты құрылымдарға бұл бағыттағы шараларды жүйелі әрі қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.**



Аймақ әкімі жағажайлардағы қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіптің сақталуы басты назарда болуы тиіс екенін атап өтті. Оның айтуынша, адам шығынына жол бермеу – негізгі міндеттердің бірі. Статистика көрсеткендей, қайғылы жағдайлардың басым бөлігі рұқсат етілмеген, бақылаусыз су айдындарында орын алады. Осыған байланысты мұндай аумақтарды тұрақты бақылауға алып, жер иелерімен түсіндіру және ұйымдастыру жұмыстарын күшейту қажеттігі айтылды. Сонымен қатар, шомылуға рұқсат етілген орындар толық тексерістен өткізіліп, қауіпсіздік белгілері мен ескерту тақтайшалары орнатылуы тиіс.

Қонаев қаласындағы жағажайларда абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Жағалау аумағы ретке келтіріліп, демалушыларға қолайлы жағдай жасауға бағытталған шаралар қолға алынған.

Алматы облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, шомылу маусымына дайындық кезең-кезеңімен жүргізіліп жатыр. Су айдындарының түбі тазартылып, санитарлық жағдайы бақылауға алынған. Демалыс орындарындағы инфрақұрылым ретке келтіріліп, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау жүйелері орнатылуда. Қазіргі таңда өңірдегі демалыс орындарының шамамен 80 пайызы жаңа маусымға дайын. Жергілікті атқарушы органдар, облыстық прокуратура және Полиция департаменті бірлесіп, кешенді тексеру жұмыстарын жалғастыруда.

Мамандардың айтуынша, қауіпсіз демалыс тек инфрақұрылым мен бақылау шараларына ғана емес, әр азаматтың жеке жауапкершілігіне де тікелей байланысты. Осы ретте тұрғындарға тек арнайы белгіленген орындарда шомылу, қауіпсіздік талаптарын сақтау, балаларды қараусыз қалдырмау, сондай-ақ мас күйде суға түспеу қажеттігі ескертіледі. Жағажайға барар алдында ауа райын ескеру, күннен қорғану құралдарын пайдалану және қарапайым сақтық шараларын сақтау да маңызды.

Өңірде жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстар жазғы демалыс кезеңінде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

# ВИЦЕ-ПРЕМЬЕР ҚОНАЕВТАҒЫ ТУРИСТІК НЫСАНДАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫН ТЕКСЕРДІ

***Алматы облысында жазғы туристік маусымға дайындық мәселесі Үкімет деңгейінде қаралып, жауапты құрылымдардың жұмысы кешенді түрде сараланды. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің баспасөз қызметі хабарлады.***

ҚР Премьер-министрінің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мен туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов Алматы облысына жұмыс сапарымен барып, өңірдегі туристік инфрақұрылымның жазғы кезеңге әзірлігін көзбен көріп, нақты тексеруден өткізді. Делегация құрамында орталық мемлекеттік органдар мен Үкімет аппаратының өкілдері, сондай-ақ облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев болды.

Жұмыс сапары барысында Қонаев қаласындағы коммуналдық жағажайлар мен «ASP Arena» көпфункционалды кешенінің дайындығына ерекше назар аударылды. Жергілікті атқарушы органдар мен салалық қызметтер санитариялық жағдай, қауіпсіздік талаптары, медициналық және құтқару қызметтерінің әзірлігі, сондай-ақ демалушылар үшін қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жөнінде баяндама жасады.

Вице-премьер Аида Балаева туристік нысандардың толық дайын болуы дәл қазіргі кезеңде шешуші маңызға ие екенін атап өтті. Оның айтуынша, халық арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту, судағы қауіпсіздік талаптарын сақтау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қадағалау – басты міндеттердің қатарында.

Сонымен бірге жағажайлар мен демалыс орындарының барлығы бірдей әкімдіктердің қарауында еместігі ескертілді. Осыған байланысты жекеменшік нысан иелерінің жауапкершілігіне айрықша мән беріліп, оларға тазалықты сақтау, инфрақұрылымды тиісті деңгейде ұстау және ең бастысы, келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нақты талаптар қойылды. Облыс әкімдігіне демалыс аймақтарының иелеріне арналған санитариялық нормалар мен қауіпсіздік шараларын сақтау жөніндегі ресми ұсынымдар әзірлеу тапсырылды.



Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі тарапынан туристік нысандар мен жеке кәсіпкерлік субъектілердің жауапкершілігін күшейтуге бағытталған құқықтық тетіктерді жетілдіру міндеті қойылды. Жекеменшік сектор тек коммерциялық мүддемен шектелмей, қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті де толық сезінуі тиіс екені баса айтылды.

Сапар барысында қоғамдық тамақтану орындары мен қызмет көрсету нысандарының заң талаптарына сәйкестігі де назардан тыс қалмады. Уәкілетті органдарға еңбек заңнамасының сақталуын, қызметкерлермен жасалған еңбек шарттарының болуын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылау тапсырылды. Бұл талаптар, ең алдымен, маусымдық жұмысқа тартылатын жастар мен студенттердің құқықтарын қорғауға бағытталған.

Көлік логистикасы, автотұрақтардың жеткіліктілігі және демалыс орындарындағы көлік қозғалысын реттеу мәселелері де өзекті тақырып ретінде көтерілді. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік талаптарын бұзуға жол бермеу және мұндай жағдайларға дер кезінде заң аясында шара қолдану қажеттігі қатаң ескертілді.

Аида Балаева өз сөзінде «Таза Қазақстан» бастамасының нақты іспен көрініс табуы керектігін атап өтті. Оның айтуынша, бұл қағидат туристік аймақтардағы тазалықтан, тәртіптен, кеңістіктің жүйелі ұйымдастырылуынан және қоғамдық демалыс орындарына деген ортақ жауапкершіліктен байқалуы тиіс. Ал «Заң мен тәртіп» ұстанымы барлық қызметтің үйлесімді жұмысынан және талаптарды бұзғандарға қатысты шаралардың бұлтартпай қолданылуынан көрінуі қажет.

Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша санитариялық жағдайды күшейту, инфрақұрылым мен қауіпсіздік қызметтерінің толық дайындығын қамтамасыз ету, халықпен профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жандандыру және демалыс орындарына жүйелі бақылау орнату жөнінде нақты тапсырмалар берілді. Сонымен қатар азаматтардың еңбек құқықтарын сақтау мен меншік иелерінің көрсетілетін қызмет сапасы, қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп үшін жауапкершілігін арттыру мәселесі басты назарда қалды.

**Шолпан ҚАРАЕВА**

# ҚОНАЕВТА МАСАҒА ҚАРСЫ КЕШЕНДІ ӨҢДЕУ БАСТАЛДЫ

Жаз мезгілі қарсаңында Қонаев қаласында санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған кешенді жұмыстар басталды. Қала аумағында масаға қарсы дезинсекциялық шаралар жүргізіліп, бұл жұмыстар тұрғындардың денсаулығын қорғау мен қолайлы орта қалыптастыруды көздейді.

Қонаев қаласы әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметіне сәйкес, қазіргі уақытта безгек масасына қарсы өңдеудің алғашқы кезеңі жүзеге асырылып жатыр. Жалпы жоспар бойынша дезинсекциялық жұмыстар қыркүйек айына дейін алты кезең бойынша жүргізіледі.

Қала аумағында масалардың көбеюіне қолайлы 60 анафогенді су айдыны анықталған. Олардың жалпы көлемі 70 гектарды құрайды. Аталған су айдындарында жүргізілетін өңдеу жұмыстарына Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы жауапты. Бұл шаралар маса дернәсілдерінің таралуын ерте кезеңде тоқтатуға бағытталған.

Сонымен қатар қаладағы саябақтар мен жағажай аумақтарын өңдеу жұмыстары Қонаев қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі тарапынан ұйымдастырылады. Демалыс орындарында жүргізілетін бұл шаралар жаз мезгілінде тұрғындар мен қала қонақтарының қауіпсіз әрі жайлы демалуына мүмкіндік береді.

Дезинсекциялық жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Өңдеу барысында қолданылатын құралдар мен препараттар белгіленген санитариялық талаптарға толық сәйкес келеді.

Осыған байланысты қала тұрғындары мен қонақтарынан жүргізіліп жатқан жұмыстарға түсіністікпен қарау сұралады. Уақытша қолайсыздықтар санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылып жатқанын ескерген жөн.



# ЦИФРЛЫҚ САУАТ – ЖАҢА ДӘУІР ТАЛАБЫ

***IT-Aiel бағдарламасының жаңа кезеңі басталды***

Қазіргі қоғамда білімнің мазмұны ғана емес, бағыты да өзгерді. Сандық технологиялар күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған кезеңде цифрлық сауаттылық пен қаржылық мәдениет әр азаматтың өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды факторға айналып отыр. Осы тұрғыда елімізде әйелдер мен жастарды жаңа заман талаптарына бейімдеуге бағытталған IT-Aiel білім беру бағдарламасының жаңа маусымы басталды.

Бағдарлама коммерциялық емес TechnoWomen ұйымының бастамасымен жүзеге асырылып келеді. Төрт жыл ішінде жоба ауқымы кеңейіп, бүгінгі таңда 21 мыңнан астам қатысушыны қамтыған. Олардың ішінде 1500-ден астам азамат цифрлық қызметтер мен жасанды интеллект бағытында жұмыс тауып, жаңа кәсіпті игеруге мүмкіндік алған.



Жобаның басты ерекшелігі – оған қатысу үшін арнайы білім мен тәжірибенің талап етілмеуі. Бағдарлама жаңа бағыт іздеген, кәсіби жолын өзгертуді көздеген немесе қосымша табыс көзін қалыптастыруды мақсат еткен азаматтарға қолжетімді.

Биыл бағдарлама мазмұны жаңартылып, оқу жүйесі бірнеше бағыт бойынша құрылды. Алғашқысы – қаржылық сауаттылық. Бұл бөлімде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен кәсіп бастаушыларға салықтық есеп жүргізу, қаржыны тиімді басқару және табыс көздерін әртараптандыру жолдары түсіндіріледі. Сонымен қатар жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы табыс табу мүмкіндіктері де қарастырылады.

Екінші бағыт цифрлық дағдыларды дамытуға арналған. Қатысушылар заманауи технологияларды қолдана отырып сайттар мен мобильді қосымшалар жасауды, бейнеконтент әзірлеуді меңгереді. Жаңартылған бағдарламада vibe-coding және AI-видеокреатор сияқты жаңа бағыттардың енгізілуі – уақыт сұранысына жауап.

Үшінші бағыт киберқауіпсіздік мәселелеріне арналды. Интернет кеңістігінде жеке деректерді қорғау, алаяқтық схемаларды тану және онлайн қызметтерді қауіпсіз пайдалану қағидалары кеңінен түсіндіріледі. Бұл – цифрлық дәуірдегі ең өзекті мәселелердің бірі.

Оқу процесі аралас форматта ұйымдастырылады. Онлайн вебинарлар мен практикалық сабақтар тұрақты түрде өтсе, бірқатар өңірлерде офлайн шеберлік сағаттары жоспарланған. Бағдарлама соңында қатысушылар сертификат алып, еңбек нарығында өз орнын табуға немесе фриланс бағытында жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Цифрлық және қаржылық сауаттылықтың маңызы туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров да атап өтті. Оның айтуынша, жастар арасында қаржыны басқару, киберқауіпсіздік және цифрлық құралдарды тиімді пайдалану бағытындағы білімнің жеткіліксіздігі түрлі тәуекелдерге әкелуі мүмкін. Сондықтан мұндай жобалар тек білім берумен шектелмей, қоғамдағы өзекті мәселелердің алдын алуға ықпал етеді. Бұл жоба алдағы күндері Қонаев қаласында орналасқан өңірлік Alatau hub технопаркінде де қолға алынбақ.

IT-Aiel бағдарламасы – уақыт талабына сай бастама. Ол азаматтардың экономикалық дербестігін нығайтуға, кәсіби мүмкіндігін кеңейтуге жол ашады. Бүгінгі таңда мұндай жобалардың маңызы артып, олардың қоғам өміріндегі рөлі айқындалу үстінде.

**Назерке ИНАҚЫНҚЫЗЫ**

# ДЕНЬ ЗДОРОВЬЯ КАК ПОВОД ДЛЯ ПРОСТЫХ РЕШЕНИЙ

***7 апреля в мире ежегодно отмечается Всемирный день здоровья – дата, призванная напомнить о простой, но часто игнорируемой истине: здоровье не возникает само по себе. Праздник был учреждён в 1948 году в честь создания Всемирная организация здравоохранения, и с тех пор его смысл остаётся неизменным – говорить о том, что действительно важно, без лишних формальностей.***

Каждый год эта дата становится поводом не только для обсуждений, но и для конкретных действий. Потому что здоровье – это не про отчёты и не про красивые слова. Это про повседневные привычки, которые либо работают на человека, либо против него. И в этом смысле профилактика – самая честная и необходимая работа.

В Казахстане Всемирный день здоровья всё чаще наполняется именно таким практическим содержанием. В Конаеве его отметили проведением «Марафона здоровья» в центральном парке имени Б. Сокпакбаева. Мероприятие организовано Управлением здравоохранения Алматинской области совместно с Управлением спорта и акиматом города.

На несколько часов парк стал местом, где о здоровье говорили не абстрактно, а по делу. Жители разных возрастов пришли сюда не только ради активности, но и ради понимания – в каком состоянии находится их организм. Специалисты городской многопрофильной больницы проводили базовые обследования: измеряли артериальное давление, уровень сахара в крови, рассчитывали индекс массы тела. Простые показатели, за которыми часто скрываются серьёзные сигналы.

Параллельно проходили занятия с инструктором. Без сложных методик – базовые упражнения, доступные каждому. Рекомендации звучали так же прямо: больше двигаться, следить за питанием, не откладывать заботу о себе. Казалось бы, очевидные вещи. Но именно они чаще всего остаются «на потом».

Одновременно в регионе получила развитие и общественная инициатива, приуроченная к этой дате. Управление внутренней политики Алматинской области поддержало челлендж «Денсаулық марафоны», направленный на популяризацию здорового образа жизни. Его смысл предельно понятен – вовлечь как можно больше людей в движение, сделать активность частью повседневности.



Отмечается, что подобные форматы работают именно за счёт своей простоты. Без давления, без сложных требований – начать с малого и продолжать. Потому что здоровье – это не разовое усилие, а процесс, который складывается из ежедневных решений.

Проведённые в этот день мероприятия, включая «Марафон здоровья» и челлендж «Денсаулық марафоны», стали частью системной работы по формированию культуры здоровья. И, пожалуй, в этом их главный смысл – не напомнить на один день, а задать привычку, которая останется.

**Дина АМИРОВА**



# ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

***Қазақтың даңқты перзенті, жауырыны жерге тимеген балуан Қажымұқан Мұңайтпасұлының туғанына – 155 жыл***

Қазақ даласының кеңдігі қандай болса, оның перзенттерінің рухы да сондай биік. Сол биіктің бір шоқтығы – Қажымұқан Мұңайтпасұлы. Биыл ұлт мақтанышына айналған алып тұлғаның туғанына 155 жыл толып отыр. Ғасырдан асса да көмескі тартпаған даңқ, уақыт озса да әлсіреп көрмеген бедел – оның есімімен бірге жасасып келеді.

Қажымұқан 1871 жылы 7 сәуірде Ақмола уезіне қарасты Қараөткел өңірінде дүниеге келген. Қарапайым шаруа отбасында өскен баланың балалық шағы таршылықпен өтті. Әкесінен ерте айырылып, анасының қолында қалған жас Мұқан күнкөріс қамымен жастайынан еңбекке араласады. Дәулетті адамдарға жалданып, мал бағып, қара жұмыс істеген. Жасөспірім шағында жүк тасып, ауыр еңбектің ортасында жүрген бала бірте-бірте өзінің ерекше күшін таныта бастайды. Осындай бейнетке толы тіршілік оның денесін ғана шынықтырып қоймай, жігерін жаныды, қайратын жондады. Кейінгі жеңістердің түп тамыры дәл осы балалық шақтағы еңбекпен қаланды десек, артық болмас.



Ауыл арасындағы ас пен тойдағы белдесулер жас Мұқан үшін үлкен мектеп болды. Алғашқы жеңістер сол ортада басталып, бірте-бірте оның аты ел ішіне тарады. Басында жұрт қызық көрді, кейін таңданды, соңында мойындады. Табиғи дарын мен тынымсыз еңбек ұштасқанда, үлкен жол ашылмай қоймайды. Қажымұқанның кәсіби күреске келуі де – осының дәлелі.

XX ғасырдың басында ол халықаралық ареналарға шығып, кәсіби күресте өнер көрсете бастайды. Классикалық күрес бойынша өткен ірі жарыстарда бірнеше мәрте топ жарып, 1908, 1909, 1911, 1913 және 1914 жылдары әлем чемпионы атануы – қазақ тарихындағы айрықша белес. Француз күресі бойынша әлем чемпионы атағын жеңіп алған ең алғашқы қазақ. Бір деректерде оның 50-ден астам елде өнер көрсетіп, ондаған медаль иеленгені айтылса, енді бір деректер бойынша 54 мемлекетте күресіп, 48 марапат алғаны көрсетіледі. Бір жеңіс – бақ, екі жеңіс – бап, ал мұнша мәрте жеңу – табиғат берген тектілік пен тынымсыз еңбектің жемісі.

Сол дәуірдің саяси және әлеуметтік жағдайына байланысты ол «Ямагата Маханура», «Қара Иван», «Қара Мұстафа» секілді лақап аттармен де шыққан кезеңдері болды. Бірақ аты өзгергенмен, заты өзгерген жоқ. Кілемге шыққан сайын оның бойынан қазақтың қайсарлығы сезіліп тұрды. «Ат ауысқанмен, ар ауыспайды» деген осы.

Қажымұқанның жомарттығы – өз алдына бір әңгіме. Соғыс жылдары ел басына күн туған шақта қарап отыруды намыс көрді. Ел аралап, өнер көрсетті, қаражат жинады. Жиналған қаржыны майданға жіберіп, ұшақ жасатқаны – елдік істің ең биік өлшемі. Күші бар адам көп, бірақ жүрегі кең адам сирек. Қажымұқанның қадірі де осында.

1912 жылы қажылыққа барып, халық ішінде Қажымұқан атанған нар тұлға халық өнерінен де алыс болмаған. Домбыра тартып, ән салғаны жөнінде ел ішінде сақталған деректер оның болмысын толықтыра түседі. Күш пен өнер, қарапайымдық пен асқақтық бір адамның бойынан табылуы – сирек құбылыс.

Тағдырдың ащы дәмін де татты. Қуғын-сүргіннің көлеңкесі түскен кезеңдер болды. Бірақ «нар жолында жүк қалмас» дегендей, ол мойыған жоқ. Халықтан қол үзбеді, ел де оны ұмытқан жоқ.

1948 жылы алып жүрек тоқтағанымен, артында қалған өнеге өшкен жоқ. Бүгінде Түркістан өңіріндегі Қажымұқан музейі – сол ғұмырдың белгісіндей. Ал ел жадындағы Қажымұқан – уақыттан биік. Қажымұқан Мұңайтпасұлының есімі халық жадында ғана емес, көркем сөзде де кеңінен өріс алды. Оның өмірі мен күрес жолы талай қаламгердің шығармасына арқау болды. Әлімқұл Бүркітбаевтың «Қажымұқан» романында балуанның ауыл арасындағы қарапайым белдесулерден бастап, Петерборға барып кәсіби күреске араласуы, әлем ареналарындағы айқастары мен тағдырлы сапарлары нақты деректер негізінде көркем тілмен баяндалады. Ал Ғазизбек Тәшімбаев құрастырған «Күш атасы» жинағында замандастарының естеліктері арқылы оның болмысы жан-жақты ашылады: тек күш иесі емес, ойлы, байсалды, сөзге ұста, домбыра шертіп, ән салатын өнерлі жан ретінде көрінеді. Шетелдік балуандардың естеліктерінде де Қажымұқанның тосын әдістері мен батылдығы айрықша аталып, оның қарсыласын күтпеген сәтте алып жығатын шеберлігі жоғары бағаланады. Қазақ поэзиясында да бұл тұлға кеңінен жырланды: Сәкен Сейфуллин оның сом бітімін суреттесе, Қадыр Мырзалиев дала күшімен теңейді, Төлеген Айбергенов асқақ рухпен астастырады. Осы еңбектердің бәрі Қажымұқан бейнесін бір қырынан ғана емес, тұтас дәуірдің айнасы ретінде танытып, оның есімін ұлт жадында одан әрі бекіте түсті.



«Ер есімі – ел есінде» дейді қазақ. Осы сөздің салмағын көтеріп тұрған санаулы тұлғаның бірі – Қажымұқан. Бір адамның ғұмыры бір халықтың рухын көтеріп кетуі мүмкін екеніне дәлел керек болса, осы есімді атау жеткілікті.

Жылдар жылжиды. Ұрпақ ауысады. Бірақ елдің жадында қалған есімдер өзгере қоймайды. Қажымұқан – сондай есім. Тау алыстаған сайын биіктей түседі. Оның тұлғасы да уақыт өткен сайын асқақтай берері хақ.

**Назерке ИНАҚЫНҚЫЗЫ**

# ЖАСТАР БАҒДАРЛАМАЛАРЫ: МҮМКІНДІК ПЕ, ӘЛДЕ УАҚЫТША ШЕШІМ БЕ?



***Соңғы жылдары жастарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың саны артып келеді. Алматы облысында да бұл бағытта түрлі бастамалар жүзеге асырылуда. Ресми есептерде көрсеткіштер жоғары. Бірақ сол сандардың артында нақты нәтиже бар ма? Жастардың өзі бұл мүмкіндіктерді қалай бағалайды? Жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар тиімді ме? Қонаев қаласындағы нақты жағдайларға тоқталсақ.***

***Бағдарламалар бар, бірақ бәріне бірдей қолжетімді ме?***

Бүгінде өңірде жастарға арналған негізгі бағдарламалар қатарында «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Бастау Бизнес» және түрлі гранттық жобалар бар. Сонымен қатар Жастар ресурстық орталықтары кеңес беру мен бағыт-бағдар көрсету жұмыстарын жүргізеді.

Қонаев қалалық Жастар саясаты бөлімінің қызметкері Ерлан Сәрсеновтің айтуынша, соңғы екі жылда өңірде мыңдаған жас мемлекеттік қолдау шараларына тартылған.

«Біздің басты мақсатымыз – жастарды тек қамту емес, оларды тұрақты табысқа жеткізу. Қазір бағдарламалардың тиімділігін арттыруға басымдық беріп отырмыз», – дейді ол.

Дегенмен, бұл мүмкіндіктердің бәрі бірдей барлық жасқа жетіп жатыр деу қиын.

***Жұмыс тәжірибесі бар, тұрақты жұмыс бар ма?***

Жұмыспен қамту орталығының маманы Айгүл Төлегенованың сөзінше, «Жастар практикасы» бағдарламасы жастар үшін маңызды алғашқы қадам.

«Көп түлек тәжірибесіз жұмыс таба алмайды. Бұл бағдарлама сол мәселені шешуге көмектеседі. Бірақ практикадан кейін бәрі бірдей жұмысқа қалып қоймайды», – дейді маман.

Ресми дерек бойынша, практикадан өткен жастардың шамамен үштен бірі ғана тұрақты жұмысқа орналасады. Қалғандары қайтадан еңбек нарығына оралады.

Дегенмен, грант алып, кәсіп бастағандар да бар екенін ескерген дұрыс.

Бағдарламалардың ішінде ең көзге көрінетін нәтиже – кәсіпкерлік бағытта.

Қонаев қаласының тұрғыны Айдос Нұрбек (24 жаста) «Бастау Бизнес» арқылы грант алып, наубайхана ашқан.

«Басында бәрі оңай көрінді. Бірақ бизнес жүргізу оңай емес екен. Қазір тұрақтанып келеміз, үш адамды жұмысқа алдым», – дейді ол.

Ал Іле ауданынан Аружан Қали (22 жаста) тігін цехын іске қосқан.

«Грант көмектесті, бірақ кейінгі кезеңде қолдау жетіспейді. Көп нәрсені өзім үйренуге тура келді», – дейді жас кәсіпкер.

Бұл мысалдар бағдарламаның мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Бірақ табысқа жету көбіне қатысушының өзіне байланысты. Толассыз еңбек етіп қана табысқа жетіп, соның нәтижесін көруге болады. Сол жолда тек алға ұмтылып, сынаққа сынбау қажет.

***Жастар не дейді?***

Мақала аясында Қонаев қаласы мен Алматы облысында тұратын жастар арасында шағын сауалнама жүргізілді.

«Мемлекеттік жастар бағдарламалары туралы не білесіз және қатысып көрдіңіз бе?» деген сұрағымыздың нәтижесі бойынша 6 адамның 4-еуі бағдарламалар туралы біледі, олардың 2-еуі ғана нақты қатысқан. 1-еуі нәтижеге қанағаттанған, 1-еуі «күткен нәтижеге жетпедім» деп жауап берді.

Қатыспағандардың негізгі себептеріне тоқталсақ, бірі «ақпарат жетпеді» десе, енді бірі «қалай қатысуды білмедім», ал келесі адам «сенім аз» деп қысқа қайырды.

Сырт көзге бағдарламалар жүйелі жұмыс істеп тұрғандай көрінеді. Бірақ тереңірек қарағанда бірнеше мәселе анық байқалады.

Біріншіден, ақпарат тапшылығы. Көп жастар мүмкіндіктер туралы әлеуметтік желіден немесе таныстарынан ғана біледі.

Екіншіден, формалды қатысу. Кейбір жастар үшін бұл тек уақытша табыс көзіне айналған.

Үшіншіден, тұрақты нәтиженің аздығы. Әсіресе жұмыспен қамту бағытында.

Төртіншіден, бизнесті сүйемелдеудің әлсіздігі. Грант алғаннан кейінгі қолдау жеткіліксіз.

Бесіншіден, тұрғын үй мәселесі. Бұл бағытта жастар нақты өзгерісті сезінбей отыр.

Мемлекеттік саясатта жастар толық қолдауға ие болуы тиіс. Бірақ шынайы өмірде нәтиже әрқалай.

Жастар тұрақты жұмыс күтеді – бірақ көбіне уақытша тәжірибемен шектеледі.

Кәсіп бастау мүмкіндігі беріледі – бірақ оны дамыту қиын.

Қолдау бар – бірақ оны табу мен пайдалану оңай емес.

Жастарға арналған бағдарламалар – қажетті әрі пайдалы құрал. Олар мүмкіндік береді, бағыт көрсетеді, алғашқы қадам жасауға көмектеседі.

Бірақ олардың тиімділігі автоматты түрде жүзеге аспайды. Нәтиже болу үшін жүйе тек қаржы бөліп қана қоймай, жастарды ұзақ мерзімде сүйемелдеуі керек.

Қонаевтағы жағдай бір нәрсені анық көрсетеді: жастар саясаты енді сандық көрсеткіштерден гөрі нақты нәтижеге жұмыс істеуі тиіс.

Қонаев қаласы – соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан өңірлердің бірі. Халық саны өсіп, жаңа жұмыс орындары ашылып жатыр, дегенмен жастар үшін тұрақты табыс, баспана және кәсіби бағыт табу мәселесі әлі де өзекті. Осы олқылықтардың орнын толтыру үшін мемлекет түрлі бағдарламалар ұсынып отыр. Бірақ олар шынымен ұзақ мерзімді нәтиже бере ме, әлде уақытша қолдау ғана ма?

Қалада жастарға бағытталған бастамалар бірнеше бағытты қамтиды: жұмыспен қамту, кәсіпкерлік, білім және әлеуметтік бейімдеу. Ең көп қолданылатын тетіктердің қатарында тәжірибеден өтуге мүмкіндік беретін жобалар, алғашқы жұмысқа орналастыру бағдарламалары және шағын бизнеске арналған гранттар бар.

Жастар ресурстық орталығы арқылы кеңес беру, қысқа мерзімді курстар және түрлі әлеуметтік жобалар ұйымдастырылады. Ресми деректер бойынша, жыл сайын мыңдаған жас осы қызметтердің кем дегенде бір түрін пайдаланады.

Ең өзекті мәселенің бірі – тұрақты жұмыс. Жастарға арналған тәжірибелік жобалар еңбек нарығына бейімделуге көмектеседі. Университет немесе колледж бітірген түлектер бірнеше ай бойы мекемелерде жұмыс істеп, тәжірибе жинайды.

Алайда мәселе осы кезең аяқталғаннан кейін басталады. Көп жағдайда жұмыс берушілер тәжірибеден өткен жастарды тұрақты штатқа қалдыруға асықпайды. Нәтижесінде жас маман қайтадан жұмыс іздеу кезеңіне өтеді.

Бұл жерде бағдарламаның басты әлсіз тұсы көрінеді: ол алғашқы мүмкіндік береді, бірақ ұзақ мерзімді тұрақтылыққа кепілдік жоқ.

Соңғы жылдары жастар арасында кәсіпкерлікке қызығушылық артып келеді. Мемлекеттік гранттар бұл үрдісті жандандыруға ықпал етті. Қонаевта шағын кофехана, шеберхана, қызмет көрсету нүктелері сияқты жобалар пайда бола бастады.

Дегенмен, грант алу – істің тек басы. Көптеген жас кәсіпкерлер нарықты толық зерттемей, қаржыны дұрыс жоспарлай алмай қалады. Соның салдарынан кейбір жобалар бірнеше айдан кейін тоқтап қалады.

Сарапшылардың айтуынша, басты мәселе – қаржыдан бұрын білім мен сүйемелдеудің жетіспеуі. Яғни, идея бар, мүмкіндік бар, бірақ жүйелі қолдау әлсіз.

Жастар үшін ең ауыр тақырып – тұрғын үй. Қалада жеңілдетілген бағдарламалар қарастырылғанымен, олардың қамту деңгейі шектеулі. Кезекке тұру, құжат жинау, талаптарға сай келу – барлығы ұзақ уақыт алады.

Көптеген жас жалдамалы пәтерде тұруды жалғастырып келеді. Ал бұл олардың қаржылық тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, тұрғын үй мәселесі жастар саясатының ең әлсіз буыны болып отыр.

Жинақталған деректер мен пікірлер бірнеше жүйелі мәселені көрсетеді. Ақпарат барлық жасқа бірдей жетпейді, қатысу процесі кейде күрделі әрі түсініксіз. Бағдарламалар көбіне қысқа мерзімге бағытталып, кәсіп бастаған жастарға кейінгі сүйемелдеу жеткіліксіз болып отыр. Ал тұрғын үй мәселесі әлі де толық шешімін таппаған.

Мемлекеттік деңгейде жастарды қолдау тетіктері қарастырылғанымен, олардың тиімділігі әр жағдайда әрқалай көрінеді. Жастар тұрақты жұмыс күтеді, алайда көбіне уақытша тәжірибемен шектеледі. Кәсіп бастауға мүмкіндік бар, бірақ оны дамыту жолында жүйелі қолдау қажет. Қолдау шаралары бар болғанымен, оған қол жеткізу барлық жас үшін бірдей оңай емес.

Қонаев қаласындағы жағдай жастар бағдарламаларының белгілі бір деңгейде нәтиже беріп отырғанын көрсетеді. Олар мүмкіндік ұсынады, алғашқы қадам жасауға жағдай жасайды. Алайда бұл мүмкіндіктердің ұзақ мерзімді тиімділігі жүйелі сүйемелдеуге тікелей байланысты.

Басты мәселе – бағдарламалардың санында емес, олардың өміршеңдігінде. Егер қолдау тек бастау кезеңімен шектелсе, ол уақытша шешім ретінде қалып қояды. Ал жастарды тұрақты табысқа жеткізетін толыққанды жүйе қалыптасқан жағдайда ғана бұл бастамалар нақты мүмкіндікке айналады.

**Шолпан КӨПІРБАЙ**

# ПОДВАЛЫ И ПАРКИНГИ ГОТОВЯТ ПОД УКРЫТИЯ



В Казахстане утвердили новый стандарт, который чётко определяет, как подвалы, паркинги и другие заглублённые помещения могут использоваться в качестве укрытий для населения. Речь идёт о документе СТ РК 4016-2025, который вступил в силу с 1 января 2026 года.

О принятии стандарта сообщили в Министерство торговли и интеграции Республики Казахстан. Документ разработан КазСтандартом в рамках Национального плана стандартизации на 2025 год по заявке Министерство по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан.

В Комитете технического регулирования и метрологии пояснили: новый стандарт вводит единые правила там, где их раньше не было. Теперь понятно, какие помещения могут считаться укрытиями и что именно нужно сделать, чтобы они соответствовали требованиям.

В документе подробно прописан порядок обследования зданий. Специалисты должны оценить, можно ли использовать конкретный подвал или паркинг для защиты людей в случае чрезвычайных ситуаций – природных, техногенных или военных.

Отдельный блок требований касается самих помещений. Они должны соответствовать определённым параметрам по конструкции и планировке. Кроме того, обязательно наличие систем жизнеобеспечения: вентиляции, водоснабжения, электроснабжения, связи и санитарных условий. Без этого помещение не может считаться укрытием.

Также установлен порядок проверки технического состояния зданий. В первую очередь оцениваются несущие конструкции и инженерные системы. Если выявляются слабые места, стандарт предусматривает их усиление или переоборудование помещения.

Для практического применения в документе приведены типовые решения – то есть готовые варианты, как именно можно адаптировать помещения под укрытия. Дополнительно включена таблица, по которой можно оценить пригодность конкретного объекта.

Стандарт прошёл согласование с рядом государственных органов и профильных организаций. В их числе – Министерство обороны, Министерство экологии и природных ресурсов, Комитет атомного и энергетического надзора и контроля Министерства энергетики, региональные департаменты по чрезвычайным ситуациям, структуры по мобилизационной подготовке, профильные технические комитеты, Национальная палата предпринимателей «Атамекен», Национальный ядерный центр Республики Казахстан, Институт атомной энергии и другие организации.

В ходе обсуждения были внесены конкретные предложения. Они касались учёта географических, климатических и сейсмических условий, разработки алгоритмов защиты от беспилотных летательных аппаратов, добавления схем переоборудования помещений и таблиц оценки, усиления стен и проёмов, а также внедрения системы автоматизированного доступа в укрытия. Все эти предложения были учтены при доработке стандарта.

**Дина АМИРОВА**



# ЖАУЫНГЕРЛІК ӘЗІРЛІК СЫННАН ӨТУДЕ

Қонаев гарнизонына қарасты 32363 әскери бөлімінде жоспарлы бақылау тексерісі басталды. Бұл туралы гарнизонның баспасөз қызметі хабарлады. Аталған іс-шара бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігін жан-жақты бағалауға бағытталған.

